

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

августа

www.election.gov.kz

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ

ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

ЕЛДЕГІ ТУРИЗМ
НЕГЕ ҚЫМБАТ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ

СЫРТ ҚАСҚАБҰЛАҚ
СЫРЫ ҚАНДАЙ?

6-7-БЕТТЕР | РУХАНИЯТ

ҚҰРЫЛЫСЫ
ТОҚТАМАЙТЫН
БАС ҚАЛА

Құрылысшылар күні – елордалықтар үшін ерекше мереке. Еліміздің жаңа елордасы Астана қаласының әрбір ғимараты – қолы құтты құрылысшылардың ерен еңбегі мен маңдай терінің жемісі.

4

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКИЯСЫ
МЕКТЕПКЕ
ЖОЛ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ШАРАСЫ

Астанада 8500-ден астам бала мектеп құралдарымен тегін қамтамасыз етіледі.

Биыл «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілердің қаражаты есебінен әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 8500 балаға қайырымдылық көмек көрсетіледі. Оларға мектеп рюкзактары мен оқу құралдары табысталады. Сонымен қатар Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры арқылы мұқтаж оқушыларға 50851 теңге көлемінде көмек берілмек. Қазіргі уақытта білім беру ұйымдары акцияны өткізіп, көмекке мұқтаж оқушылардың тізімін нақтылап жатыр. Әзірге елордалық мектептерге материалдық көмек алуға 5 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Өтініштерді қабылдау және қарау жалғасып жатыр.

АПТАП ЫСТЫҚ
ҚАЙТПАЙ ТҰР

Алдағы үш тәулікте Астанада ауа райының қызуы +33-36 градусқа дейін көтеріледі деп болжанады.

«Қазгидромет» мекемесінің мәліметінше, алдағы демалыс күндері Қазақстанның басым бөлігіне аптап ыстықтың кезекті толқыны келеді деп күтіледі. Атап айтқанда, еліміздің солтүстігі мен шығысында ауа температурасы 35-39°C-қа дейін, оңтүстігінде 35-41°C-қа дейін, ал батысы мен орталығында 36-41°C-қа дейін көтеріліп, өте қатты ыстық болады.

ЖҮГІР ДЕ ШЫНЫҚ!

Елордадағы «Нұр әлем» павильоны алдындағы алаңда 9 тамыз күні Heart Center Foundation қоғамдық қорының ұйымдастыруымен және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жыл сайынғы «Жүрегімнің жеңімпазы» қайырымдылық жүгіру фестивалі өтеді.

Оған Heart Center Foundation қоғамдық қорының ресми сайты арқылы тіркеле аласыздар. Биыл фестиваль алғаш рет жүрек трансплантациясына арналған ауқымды қалалық қайырымдылық іс-шарасы форматында өтеді. Оған, жасына және дене дайындығына қарамастан, барлық ниет білдіруші қатыса алады. Қатысушылар үшін 1, 3 және 10 шақырым қашықтықтар қарастырылған. Ал 1 шақырымдық қашықтық жүгірумен кәсіби айналыспайтын, бірақ игі бастаманы қолдағысы келетін тұрғындарға арналған. Мәреге жеткен әрбір қатысушыға естелік медаль табысталады. Старт жиынтықтарын 7-8 тамыз аралығында Астана қаласының Тұран даңғылы, 38 мекенжайындағы «УМС жүрек орталығынан» алуға болады.

8-9 ТАМЫЗ

Бас қаладағы Qazaq Creative Hub алаңында республикалық Creative Аймақ жобасы аясында Алматы облысының креативті жәрмеңкесі өтеді. Екі күн бойы өңірдің шығармашылық әлеуетін танытатын 35-ке жуық креатор өз туындылары мен тың жобаларын ұсынады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 539.52 \$ USD/KZT 467.48 ₸ RUB/KZT 5.73 ¥ CNY/KZT 69.27

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҮКІМЕТ



АЛТЫ ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Шолпан-Ата қаласында өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысы аясында Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров ЕҰАК-ке мүше мемлекеттер делегацияларының басшыларымен ұжымдық кездесу өткізді. Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы ықыласы мен ізгі тілектерін жеткізді.

Кездесу барысында екі елдің көшбасшылары арасындағы сенімге құрылған саяси диалог пен өзара түсіністікке негізделген одақтастық қатынастарды одан әрі нығайтуға ықпал етіп отырғаны аталып өтті. Кейінгі 5 жылда қазақ-қырғыз тауар айналымы 2 есеге артып, \$2,2 млрд-ты құрады.

ЕҰАК-тің кеңейтілген құрамдағы отырысында Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығын одан әрі дамыту, салалық интеграцияны тереңдету, цифрлық өзара іс-қимылды кеңейту, қаржы-экономика тетігін жетілдіру және одаққа мүше мемлекеттердің бірлескен жұмысын үйлестіру мәселелері қаралды. Еуразиялық экономикалық комиссияның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамалары тыңдалды. Атап айтқанда, жүк теміржол тасымалдары мен көлік дәліздерін цифрландыру, электрондық сауда, климат саласындағы ынтымақтастық және өзге де бағыттар талқыланды.

Қазақстан Премьер-министрі Президенттің басшылығымен барлық мемлекетпен ашықтық пен сындарлы әріптестікке негізделген әділетті әрі озық Қазақстанды дамыту бағыты дәйекті түрде жүзеге асып жатқанын атап өтті. Еліміздің жаңа Конституциясында көзделген ауқымды институционалдық реформалар инвесторлардың сенімін нығайту, экономиканы жаңғырту және халықаралық өзара іс-қимылды кеңейту

үшін қолайлы жағдай қалыптастырады.

Олжас Бектенов қазіргі сыртқы сын-қатерлер жағдайында экономикалық ынтымақтастықты нығайтудың маңызы арта түскенін атап өтті. Оның айтуынша, 2025 жылы ЕАЭО елдері ішіндегі тауар айналымы \$95 млрд-ты құрады. Биыл бұл көрсеткіш 7,3%-ға өсіп, \$102 млрд-қа дейін жетеді деп күтілуде. ЕҰАК қызметінің басым бағыттары қатарына цифрлық сауда тетіктерін дамыту, ЕАЭО-ның интеграцияланған ақпарат жүйесі аясында жасанды интеллект технологияларын енгізу, тамақ өнімдерінің мүше мемлекеттерге қолжетімділігін қамтамасыз ететін тетіктерді жетілдіру жатады. Тамақ өнеркәсібі саласында Қазақстанның экспорт әлеуеті артып келе жатқаны аталды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша мал және өсімдік тектес өнімдерді, сондай-ақ дайын азық-түлік тауарларын жеткізу көлемі шамамен \$7 млрд-ты құрады. Биылғы қаңтар-мамыр айларының қорытындысы бойынша \$3,6 млрд-қа жетті.

Бизнес өкілдерінің серіктес мемлекеттер нарығына құс еті мен сүт өнімдерін жеткізу барысында туындайтын кедергілерге қатысты өтініштерін ескере отырып, қазақстандық тарап ЕАЭО міндеттемелерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тамақ өнімдерінің одаққа мүше елдер нарығына қол жеткізу жағдайына жүйелі

түрде кешенді мониторинг жүргізудің орынды екенін атап өтті. Туындаған мәселелерді реттеуге дәйекті әрі объективті көзқарас, саудадағы кедергілерді жою жөніндегі шараларды уақытлы қабылдау өзара сауданың дамуына елеулі серпін береді.

Бұдан басқа, ұлттық экономикалардың орнықты даму мақсатына қол жеткізудегі цифрландырудың маңызы атап өтілді. Биыл мамыр айында Астанада мүше мемлекеттердің басшылары осы саладағы ынтымақтастықты нығайтуға және озық тәжірибелермен алмасуға бағытталған ЕАЭО шеңберінде жасанды интеллектіні жауапкершілікпен дамыту туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойған еді. Қазақстанда цифрлық трансформация ел дамуының стратегиялық ба-сымдықтарының бірі ретінде айқындалған.

– Қазақстан Президенті 2026 жылды ресми түрде Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясының аса маңызды бағыттарының қатарында Екібастұз қаласындағы «ДӨО алқабын» құру жобасы бар. Ол халықаралық деңгейдегі цифрлық инфрақұрылымды қалыптастыруға және Қазақстанның Еуразиядағы цифрлық хабтардың бірі ретіндегі орнын нығайтуға мүмкіндік береді. 125 МВт болатын алғашқы есептеу қуатын іске қосу келесі жылдың маусым айына жоспарланған.

Барлық мүдделі тараптарды, оның ішінде іскер топтар мен технологиялық компаниялардың өкілдерін осы бастаманы жүзеге асыруға белсенді түрде қатысуға шақырамыз, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қазақстан цифрлық экономика мен жасанды интеллект саласында тәжірибе алмасуға және өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға әрдайым ашық.

Отырыс барысында сондай-ақ Беларусь Республикасы мен Армения Республикасының Премьер-министрлері, Қырғыз Республикасы Министрлер кабинетінің төрағасы – Президент Әкімшілігінің басшысы, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы, ЕАЭО жанындағы бақылаушы мемлекеттер тарапынан Өзбекстан Республи-касының Премьер-министрі, Иран Ислам Республикасы мен Куба Республикасының өкілдері, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқа-сының төрағасы сөз сөйледі.

ЕҰАК отырысының қорытындысы бойынша алты құжатқа қол қойылды. Олардың ішінде ЕАЭО-дағы тауарлардың электрондық саудасы туралы келісім бар, оны жүзеге асыру электрондық коммерцияны қарқынды дамытуға, бизнес үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге және қатысушылардың әріптестер нарығына қол жеткізуде анағұрлым қолайлы жағдай қалыптастыруға ықпал етеді. Бұдан басқа, одаққа мүше мемлекеттердегі ғылыми атақтар туралы құжаттарды өзара тану туралы келісім, сондай-ақ ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері бойынша бірқатар өкім қабылданды. Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кезекті отырысы 1-2 қазанда Минск қаласында (Беларусь) өтеді.

АРНАУЛЫ ҚОРДАН 1,4 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Президенттің заңсыз иемденілген активтерді қайтару және оларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін пайдалану жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Ақмола облысында сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің құрылысы жүргізілуде.

Арнаулы мемлекеттік қордан Үкімет осы мақсаттарға 1,4 млрд теңге бөлді. Бұл қаражат Бурабай ауданы мен Шучинск қаласында төрт инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру үшін қарастырылған. Атап айтқанда, Бурабай ауданы Қатаркөл көлінің жанындағы балаларды сауықтыру орталықтарының су құбыры желілері жаңғыртылмақ.

Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту мекемелерге коммуналдық қызмет көрсетудің сапасын арттыруға және маусымдық жүктеме кезеңінде олардың толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Бөлінген қаражаттың келесі бір бөлігі Шучинск қаласындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін кешенді түрде жаңартуға жұмсалды. Атап айтқанда, магистралдық су құбыры желілерінің төртінші кезегін салу және реконструкциялау, су бұру нысандары мен желілерін жөндеу, сондай-ақ

кварталдар ішінде көріз тарту жоспарлануда.

Жобаларды жүзеге асыру желілердің апатын төмендетеді. Сонымен қатар судың қажетті көлемін беру және ағынды суларды бұру жүйеге жаңа тұрғын үйлерді, әлеуметтік және туристік нысандарды қосуға мүмкіндік береді, сон-

дай-ақ өңірге инвестиция тарту үшін де жағдай жасайды.

Бұл шаралар, жалпы алғанда, Шучинск қаласы мен Бурабай ауданын одан әрі дамыту үшін коммуналдық тұрғыда заманауи негіз қалыптастырады. Жаңа және реконструкциядан өткен желілер тұрғындардың, әлеуметтік мекемелердің және балаларды сауықтыру орталықтарының жағдайын жақсартады, сондай-ақ жаңа нысандар салу үшін қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

2024 жылдан 2026 жылға дейінгі аралықта Арнаулы мемлекеттік қор қаражаты есебінен Үкімет жалпы сомасы 610 млрд теңге болатын 500-ден астам әлеуметтік жобаны қаржыландыруды мақұлдады. Оның ішінде жалпы сомасы 226,5 млрд теңге болатын 267 жоба су инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

ИНКЛЮЗИЯ: МҮМКІНДІК ТЕҢ БОЛҒАН ЖЕРДЕ ҚОҒАМ ДА ӨЗГЕРЕДІ

Қоғамның өркеніет деңгейін оның ең осал азаматтарына жасаған жағдайынан бағалауға болады. Бүгінде инклюзия ұғымы әлеуметтік қолдаудың тар шеңберінен шығып, азаматтың қоғамдағы орнын, оның білім алуға, еңбек етуге, өз қабілетін жүзеге асыруға және дербес өмір сүруге деген құқығын айқындайтын маңызды өлшемге айналды. Шығыс Қазақстан облысында «Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат Айтуғановтың инклюзивті қауымдастық өкілдерімен кездесуі осы мәселелердің қоғам үшін қаншалықты өзекті екенін тағы бір көрсетті.

ҚР Құрылтайы депутатығына кандидаттармен кездесуге инклюзивті қауымдастық өкілдері,



адамның өмірдің барлық саласына қатысу мүмкіндігін қамтиты.

«Инклюзия пандуспен шектелмейді. Ол адамның білім алып, еңбек етіп, өз қабілетін дамытып, қоғам өміріне өзгерлермен тең дәрежеде қатысуына нақты мүмкіндік жасалған сәттен басталады», – деді «Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат Айтуғанов.

Кездесуде Қайрат Айтуғанов негізгі мақсат тек партияның сайлауалды бағдарламасын таныстыру ғана емес, ең алдымен, инклюзивті қауымдастықтың



мүгедектігі бар азаматтар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Әңгіме барысында қолжетімді ортаны дамыту, инклюзивті білім беруді жетілдіру, кәсіптік даярлау мен жұмыспен қамту, бала мен отбасын үздіксіз сүйемелдеу, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылын күшейту сияқты бір-бірімен сабақтас мәселелер көтерілді.

Бұл мәселелердің әрқайсысы жеке қарағанда әлеуметтік саланың міндеті секілді көрінуі мүмкін. Алайда олардың түісетін тұсы біреу – адамның қоғамнан шет қалмауы. Сондықтан инклюзияны тек жекелеген санаттарға арналған жеңілдіктер немесе әлеуметтік төлемдер жүйесі ретінде қабылдау жеткіліксіз.

Кездесуде Құрылтай депутатығына кандидат, «Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат Айтуғанов инклюзияның мәнін дәл осы тұрғыдан бағалады. Оның айтуынша, инклюзия қайырымдылыққа немесе бір реттік әлеуметтік акцияларға негізделмеуі тиіс. Оның өзегі – әр азаматтың білім алуға, еңбек етуге, еркін жүріп-тұруға, шығармашылықпен айналысуға және қоғамдық өмірге өзгерлермен тең дәрежеде қатысуына нақты мүмкіндік жасау.

Бұл жерде маңызды мәселе – мемлекеттің әлеуметтік қызмет көрсету тәсілі. Қазіргі жағдайда ата-аналар мен отбасылар әртүрлі мекемелерге жүгініп, бір мәселені бірнеше рет түсіндіріп, қажетті құжаттарды қайта-қайта жинауға мәжбүр болатын жағдайлар кездеседі. Ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасы үшін бұл қосымша ауыртпалық. Кездесуде де осы мәселе көтеріліп, отбасыға медициналық, білім беру және әлеуметтік бағыттар бойынша кешенді әрі үздіксіз сүйемелдеу қажет екені айтылды.

Инклюзия туралы сөз болғанда, көбіне бірінші кезекте пандустар, арнайы кіреберістер немесе ғимараттардың физикалық қолжетімділігі еске түседі. Әрине, бұл – маңызды талап. Бірақ шын мәніндегі қолжетімді орта

ұсыныстарын тындау екенін атап өтті. Өйткені күнделікті өмірдегі нақты қиындықтарды бастан өткеріп жүрген ата-аналар мен азаматтардың ұсыныстары заңнамалық шешімдер үшін құнды негіз бола алады.

Шығыс Қазақстандағы тәжірибе де қоғам мен мемлекеттік институттар арасындағы байланыстың маңызын көрсетеді. ШҚО филиалы төрағасы, Құрылтай депутатығына кандидат Фарид Әбітаев өңірлік филиалдың бірнеше жылдан бері қоғамдық ұйымдармен бірлесіп инклюзивті жобаларды жүйелі түрде жүзеге асырып келе жатқанын айтты. Олардың қатарында «Будем жить!» фестивалі мен жыл сайын өтетін МИАП инклюзия фестивалі бар. Бұл бастамалар мүгедектігі бар азаматтардың шығармашылық қабілетін ашуға, қоғаммен еркін араласуына және әлеуметтік бейімделуіне мүмкіндік беретін алаң ретінде сипатталды.

Алайда қоғамдық іс-шаралар мен фестивальдер мәселенің бір ғана қырын қамтиды. Инклюзияның ұзақ мерзімді нәтижесі адамның экономикалық дербестігімен де тікелей байланысты. Осы орайда Құрылтай депутатығына кандидат Захира Бегалиева әлеуметтік қолдауды тек төлемдермен шектемеу қажеттігіне назар аударды.

Қорыта айтқанда, инклюзия – белгілі бір әлеуметтік топқа жасалған жеңілдік емес, қоғамның әр мүшесіне берілетін мүмкіндік. Сондықтан бүгінгі міндет – инклюзия туралы айтумен шектелмей, оны күнделікті өмірдің қалыпты қағидасына айналдыру. Мүмкіндік тең болған жерде адамның әлеуеті де толық ашылады. Ал өз азаматтарының әлеуетін іске асыруға жағдай жасаған қоғам ғана шын мәнінде әділетті әрі орнықты болашақ құрмақ.

Кездесу соңында инклюзивті қауымдастық өкілдері, қоғамдық ұйымдар мен ата-аналар отбасын сүйемелдеу жүйесін жетілдіру, қолжетімді ортаны дамыту, инклюзивті білім беру және мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды. Ұсыныстарды алдағы уақытта «Ауыл» партиясы тарапынан заңнамалық бастамаларды әзірлеу кезінде қамту көзделіп отыр.

Тапсырыс беруші: «Ауыл» партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі «Ауыл» партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі сайлау қорының қаражаты есебінен төленді

МОНИТОРИНГТЕН НЕ БАЙҚАДЫҚ?

Қазақстанда шілде айында 589 дәрілік препараттың бөлшек саудадағы бағасы төмендеді.

Мониторинг елдің 20 өңіріндегі 2555 атаудағы дәрілік затты қамтыды. Денсаулық сақтау министрлігі таратқан мәліметке сүйенсек, бақылған дәрілік заттардың шамамен жартысының – 1267 препараттың бағасы өзгеріссіз қалған. Ал 147 препараттың бағасы

20%-дан астам төмендесе, тағы 198 препараттың бағасы 10-20%-ға, 244 атаудың бағасы 5-10%-ға арзандаған. Олардың қатарында инфекция, жүрек-қан тамырлары және асқазан-ішек жолы ауруларын емдеуде кеңінен қолданылатын препараттар бар.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек депутаттық корпуспен кездесті. Ашық әрі жұмыс форматында өткен жиында депутаттар тұрғындар күн сайын көтеріп жүрген өзекті мәселелерді ортаға салды.

Кездесуде ең алдымен әлеуметтік нысандарға апаратын кірме жолдардың құрылысы талқыланды. Заманауи мектептер, балабақшалар мен медициналық мекемелер салынып қана қоймай, оларға қолайлы әрі қауіпсіз көлік қатынасы қамтамасыз етілуі қажет.

Қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды. Жылумен қамту, сумен жабдықтау және кәріз жүйесі – елорда тұрғындарының жайлы өмір сүруінің негізгі кепілі. Осыған байланысты болашақта инфрақұрылымдық мәселелердің алдын алу үшін КОС-2 құрылысын аяқтау аса маңызды.



Жүздесуде елорда жолдарының сапасы да кеңінен талқыланды. Бүгінде жол жабынына ауыр салмақ түсіріп отырған негізгі факторлардың бірі – ауыр жүк тасымалдайтын құрылыс техникасы. Сондықтан бұл мәселе кешенді шешімді қажет етеді.

Сонымен қатар депутаттар жаңа медициналық мекемелер салу, балабақшалар ашу, коммуналдық қызметтер мен автобус парктерінің автопарктерін цифрландыру, жекелеген тұрғын үй кешендерін сенімді

электрмен қамтамасыз ету, сондай-ақ мәдениет нысандарын цифрлық трансформациялау және олардың мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділігін кезең-кезеңімен азайту мәселелерін көтерді.

«Пригородный» тұрғын алабын дамыту перспективалары, оның ішінде ескі қазандықты табиғи газға көшіру арқылы қайта жаңғырту мәселесі де қаралды.

Кездесу соңында қала әкімі елорданы одан әрі дамыту жоспарларымен бөлісті. Биыл

КОС-2 құрылысына қажетті қаржы толық көлемде бөлінеді. Алдағы уақытта Айтматов көшесі қаланың маңызды айналма магистральдарының біріне айналып, елорданың дамуы Қызылсуат пен Үркер бағытында жалғасады.

Сонымен қатар LRT желісін одан әрі дамыту жоспары таныстырылды. Болашақта желіні Қосшы бағытына, Айтматов көшесі, Тұран даңғылы арқылы әрі қарай Жеңіс даңғылымен ескі теміржол вокзалы ауданына дейін ұзарту көзделіп отыр.

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Астанада Құрылысшылар күніне орай елорданың құрылыс саласының дамуына елеулі үлес қосқан мамандарға Астана қаласы әкімінің, қала әкімінің орынбасарының және Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысының алғыс хаттары табысталды.

Жиында құрылысшылардың елорданы дамытудағы еңбегі ерекше аталып өтті. Тұрғын үй, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарын салып жүрген сала қызметкерлеріне құрмет көрсетілді.

Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Ғани Тажиев құрылысшылардың еңбегі қаланың қарқынды дамуына және тұрғындардың жайлы өмір сүруіне тікелей ықпал ететінін атап өтті.

– Құрылысшылар күні – біз үшін ерекше мереке. Осыған орай елорданың өркендеуіне үлес қосып жүрген ірі құрылыс компанияларының өкілдерін

арнайы шақырып, еңбегін бағаладық. Бүгінде Астанада жаңа тұрғын үйлер мен түрлі нысан бой көтеріп жатыр. Оның бәрі – құрылысшылардың маңдай терінің жемісі. Жаңа Құрылыс кодексіне сәйкес сапалы әрі қауіпсіз нысандар салуға басымдық беріліп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстарды құрылысшылар қауымы толық қолдайды, – деді Ғани Тажиев.

Іс-шара соңында марапат иелері көрсетілген құрмет үшін алғысын білдіріп, әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтады. Сондай-ақ алдағы уақытта да елорданың дамуына үлес қосып, сапалы жұмысты жалғастыра беретіндерін жеткізді.

БҮЛДІРШІНДЕР БІЛУГЕ ТАЛПЫНДЫ

Астана қаласының №39 «Меруерт» балабақшасында «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының» ұйымдастыруымен «Назар аударыңыз, балалар!» жол қауіпсіздігі апталығы қорытындыланды. «Заң мен тәртіп» аясында өткен іс-шараға ата-аналар, тәрбиеленушілер, әдіскерлер мен инспекторлар қатысты.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Балабақша тәрбиеленушілеріне жол қозғалысы ережелері түсіндірілді. Балалар ата-аналарымен бірге қауіпсіздік шарасына қатысып, жол жүру мәдениетін үйренді. Жас бүлдіршіндер әсерлі флешмоб орындап, ата-аналарымен бірге жол белгілеріне арналған қызықты викториналар мен эстафеталық ойындарға қатысты. Патрульдік полиция инспекторлары балалармен кездесіп, жолдағы қауіпсіздік ережелерін қарапайым әрі түсінікті тілде түсіндіріп, олардың сұрақтарына жауап берді.

– Балаларға жол жүру ережелері жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар 3Д макет көрмелері ұйымдастырылды. Бүлдіршіндер жол қозғалысы ережелерін ойын,

шығармашылық тапсырмалар және тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы меңгеріп, өз білімдерін қорытынды шарада сәтті көрсетті. Іс-шара балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы

балабақша, ата-ана және құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысының маңызын тағы бір мәрте айқындады, – деді Астана қаласы әкімдігінің №39 «Меруерт» балабақшасының



Елдегі «Заң мен тәртіп» қағидаты негізінде республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық науқаны аясында Жетісу саябағында қоғамдық тәртіп пен көгалдандыру ережелерін бұзудың алдын алу мақсатында рейд ұйымдастырылды.

ТҮСІНДІРУ ШАРАСЫ



Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Негізгі мақсат – қоғамдық тазалықты сақтап, мәдениет пен әдеп қағидаларын арттырып, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға үлес қосу. Сондай-ақ қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау – бұл жарқын келешекке қарай бет бұру екендігін аңғарту болып саналады.

Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» бастамалары аясында тұрғындарды тазалықты сақтауға, қоқысты арнайы орындарға тастауға және қоғамдық тәртіпті

құрметтеуге шақырамыз. Қаламыздың тазалығы мен қауіпсіздігі – әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Іс-шараның мән-мағынасы жайында Астана қаласы Әсіл ауданы Ішкі саясат бөлімінің басшысы Әли Жолтабар түсіндіріп берді.

– Есіл ауданының әкімдігі, полиция қызметкерлерімен бірлесіп, «Жетісу саябағында» «Таза Қазақстан» шарасы аясында рейд жүргізілді. Аталған рейд барысында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараның мақсаты – тұрғындар мен қонақтарды қоршаған ортаны таза ұстауға шақыру, – деді ол.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2026 жылы 14 тамыз сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. «Астана қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы №375/48-VIII шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

2. Астана қаласының аумағында тұрғылықты жері және уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеу нормативін бекіту туралы.

3. «Толық бітіріп» берілетін құрылыс туралы шарт бойынша іске асырылатын объектілердің тізбесі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2026 жылғы 24 сәуірдегі №408/52-VIII шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

4. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

5. «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы ипотекалық тұрғын үй қарызын (ипотекалық қарызды) қайта қаржыландырудан бас тартылған қарыз алушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы №121/15-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласының өңірлік нышандарының сипаттамасын және оны пайдалану тәртібін бекіту туралы.

7. «Астана қаласы бойынша Экологиялық мәдениетті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі өңірлік іс-қимыл жоспарын бекіту туралы»

Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 18 наурыздағы №284/35-VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

8. Астана қаласының қоршаған ортасын қорғау жөніндегі 2026–2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.

9. Астана қаласы әкімдігінің және Астана қаласы мәслихатының кейбір бірлескен қаулылары мен шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы.

10. Астана қаласы кейбір аудандарының шекараларын өзгерту және белгілеу туралы.

11. «Астана қаласының сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 27 тамыздағы №212/26-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

12. Астананың сәулет-қала құрылысы кеңесінің құрамын қалыптастыру туралы.

13. Жұмыс орнын сақталатын оқу демалысын беру туралы.

14. «Астана қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 25 қыркүйектегі №321/43-VIII шешіміне өзгертулер енгізу туралы.

15. «Астана қаласында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссия құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2026 жылғы 5 маусымдағы №424/54-VIII шешіміне өзгертулер енгізу туралы.

16. «Депутаттық этика мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 12 сәуірдегі №20/2-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-74-05, 55-66-37.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

«Авторлар әндерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі 2026 жылғы 09 қыркүйекте өтетін жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы хабарлайды.

Күн тәртібі:

- одақтың бас директоры мен құрылтайшылары құрамының өзгеруіне байланысты одақтың құрылтай және ішкі құжаттарын жаңа редакцияда қабылдау және/немесе одақтың құрылтай және ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- жалпы жиналыстың қабылданған шешімдерін іске асыруға байланысты өзге де мәселелерді қарау.

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! «Столичная дезинфекция» ЖШС Астана қаласындағы ірі, таяз, уақытша су айдындары мен ашық станцияларда 5-ші турдың шыбын-шіркейлерді жою жұмыстары басталатынын туралы хабарлайды. тел.: +7 707 300 5030

«Қара шаңырақ» ҚБ, БСН 200340016434; 2020 жылы 13 наурызда тіркелген Жарғысы, Құрылтайшылық шарты жоғалды. Жоғалуына байланысты күші жойылсын деп танылсын. Тел.: 87012884960

Астананың келбеті жылдан-жылға ажарланып, көркейіп келеді. Айналамыздағы әсем ғимараттар, заманауи тұрғын үй кешендері, мектептер, ауруханалар, сәулет нысандары – осының бәрі құрыш қолды құрылысшылар еңбегінің жемісі.

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, 2026 жылы бүкіл Қазақстан бойынша құрылыс саласында жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 643,8 мың адамды құрайды, бұл ретте Астана еліміздің барлық өңірлері арасында құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша дәстүрлі түрде көш бастап тұр. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында құрылыс жұмыстарының көлемі 4,07 трлн теңгеден (өсім 15,2% - ға) асты. Жеке құрылыс ұйымдарының үлесі 91,1%, шетелдік – 8,3%, мемлекеттік – 0,6%-ды құрайды.

Соңғы үш жыл ішінде 8 млн шаршы метр тұрғын үй, түрлі әлеуметтік нысандар, ондаған мектеп бой көтерді. 2026 жылғы қаңтарда пайдалануға берілген жаңа объектілердің жалпы ауданы 1 291,8 мың шаршы метрді құрады. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 42,4%-ға ұлғайып, 1 091 мың шаршы метрді құрады, оның ішінде 727,6 мың шаршы метр – көппәтерлі және 359,8 мың шаршы метр – жекеменшік үйлер.

Халық санының тұрақты өсуіне байланысты елордада әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Астана қаласының әкімі



2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ
ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА
ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ

4,07 трлн

ТЕҢГЕДЕН
(ӨСІМ 15,2%-ға) АСТЫ.

Жеңіс Қасымбектің айтуынша, 2025 жылы 4,8 млн. шаршы метр тұрғын үй салынды, бұл бүкіл ел бойынша салынған тұрғын үй көлемінің төрттен бірі. Ол ең алдымен, халықтың тұрақты өсуіне және сарапшылардың алдағы он жылға арналған болжамын

қарастыратын Бас жоспардың басымдықтарына байланысты.

Соңғы жылдары бас қалада білім беру нысандарының құрылысы ерекше қарқын алды. Елорда әкімдігінің мәліметінше, кейінгі үш жылда 109 мың оқушы орнына арналған 44

Шапағат
ӘБДІР

ҚҰРЫЛЫСШЫНЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

Бірақ біздің осы қуанышымызға тиек болып отырған бұл қала бір күнде салынған жоқ қой. Мұндағы әр ғимараттың, әр шағын ауданның өз тарихы бар. Алып құрылыстардың әр кірпішінде қаншама жанның маңдай тері, қаншама еңбек адамының табанының табы қалды десеңізші. Аспанға тіреу болардай андыз-андыз болып тік шаншылған тұрғын үйлердің әр қабатында бір құрылысшының арманы, бір отбасының несібесі, бір адамның адал еңбегі жатыр. Міне біз тілге тиек еткелі отырған адам да сондай тағдырдың иесі. Ол осы елордамыздың құрылыстарының тарихын бір адамдай білетін қырық жылдан астам уақытын құрылыс саласына арнаған, осындағы көптеген еңселі нысандарының бой көтеруіне өз үлесін қосқан бірден бір маман Мырзахан Омаров деген азамат.

Мырзахан Бектұрғанұлы 1964 жылы Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы Кезеңсу ауылында дүниеге келген. Балалық шағы табиғатпен біте қайнасқан қаралайым ауылда өткен. Бірақ оның өмірлік бағытын ауыл емес, ауылда салынып жатқан жаңа үйлер айқындаған.

– Бала күнімде мектептен қайтар жолда жаңадан салынып жатқан үйлердің жанынан өтетінмін. Құрылысшылардың қалай жұмыс істейтінін қызықтап ұзақ қарап тұратынмын. Қасында жаңадан екі қабатты мектеп салынып жатты. Біз ойын баласымыз ғой, күнде барып қарап, құрылысшылардың әр қимылын қызықтайтынбыз. Сол кезде-ақ «мен де құрылысшы боламын» деген арман көңіліме

«Салп-салпыншақ анау үш өзен, Салулы ордам қонған жер» деп Қазтуған бабам жырлағандай, Сарыарқаның төсіндегі ақ ордамыз қонған жердің әр көшесін басып, аспанмен бой таласқан әр ғимаратын көрген сайын әр қазақтың бойын еркіндік пен асқақтық сезімі билейтіні анық.

ұялады, – деп балалық шағын еске алған құрлысшы мектепте «Өскенде кім боласың?» деген тақырыпта шығарма жазғанда да еш ойланбастан «құрылысшы боламын» деп жазғандығын айтады. Сөйтіп, 1981 жылы мектепті тәмамдаған бойда Семей құрылыс техникумына оқуға түскен ол 1982-1984 жылдары Кеңес армиясы қатарында азаматтық борышын өтеп келеді. Кейін оқуын жалғастырып, техникумды сәтті тәмамдайды. Ол жылдары оқу басталғанша студенттер құрылыс алаңдарында еңбек ететін. Дәл сол кезеңде Семей қаласында Абай атындағы театрдың құрылысы жүріп жатады. Жас студент Мырзахан алғаш рет сол нысанның құрылысына араласып, театрдың шатырын жабу жұмыстарына қатысады.

Техникумды тауысқаннан кейін теорияны тәжірибемен ұштастыру үшін ол алғашқы еңбек жолын Талдықорған қала-



сында бастап, кәсіби құрылысшы ретінде қалыптасудың алғашқы баспалдағынан өтеді.

– Біз еңбек жолын Кеңес дәуірінде бастадық. Қазіргі техника ол кезде болған жоқ. Бір жұмысты атқару үшін бірнеше адамның күші қажет болатын. Қазір бір техника өзі қазады, өзі тиеп, өзі тасиды. Мұнаралы крандар да бұрынғыдай емес, мүмкіндігі өте жоғары. Мұның бәрі еңбек өнімділігін арттырды. Құрылысшылардың жұмысын да жеңілдетті. Бірақ қандай техника шықса да, құрылыстың сапасы ең алдымен адамның жауапкершілігіне байланысты, – дейді тәжірибелі маман.

Иә, қай кезеңде болмасын құрылыс саласы тек күш-қай-

ратты ғана емес, үлкен төзімді талап ететіні анық. Қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығына қарамай еңбек ету, белгіленген мерзімге үлгеру, мыңдаған адамның қауіпсіздігіне жауап беру – бұл мамандықтың көзге көріне бермейтін жүгі қашанда. Мырзахан Бектұрғанұлы Семейде оқып жүргенде де, кейін Талдықорғанда жұмыс істеп жүрген кезде де бұл жолдың мамандықтың өзін елорданың ең көрнекті ғимараттарына алып барарын өзі де білген жоқ еді. Бірақ өмір оны өзі-ақ қазақтың бас қаласындағы құрылыстың басы-қасында болуға жазыпты. Сол тағдырының жетегінде ол кейін Астананың аспанмен таласқан сәулетті

келбетін қалыптастыруға өз үлесін қосты. Әрине, оның көз алдында әр құрылыстың қанша уақытта біткені, қандай жағдайда басталғаны сайрап жатыр. Бірақ өмір болғанан кейін өкінетін де қуанатын да тұстары болады. Оның да құрылысшы ретінде тапқаны да жоғалтқаны да аз емес. Соның бірі маманның жүрегіне сыз болып қатқан мына бір оқиғаны баяндап бергенде біздің де қабырғамыз қайсы-ып, бүгінгі күні сыртынан көз тартатын зәулім сарайдың осындай келбетке өздігінен келмегенін түсініп, үнсіз күрсініп қалдық. Бұл 2008 жылы болған оқиға екен. Елордада «Москва», «Санкт-Петербург» және «Пекин» тұрғын үй кешен-

дерінің құрылысы қызу жүріп жатады. Құрылысшылар таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыс істеп, нысанды белгіленген мерзімде аяқтауға күш салып жанталасып жатқан кез. Мырзахан Бектұрғанұлы да сол үлкен ұжымның белортасында жүреді. Сол күні олар «Москва» тұрғын үй кешенінің 13-қабатында жұмыс істеп жатқан. Кенет күтпеген жерден оттегі баллоны жарылып, алаңда әп-сәтте алапат апат орын алады. Бұл оқиға құрылысшының өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі болып қалған.

Уақытпен жарысу кейде қауіпсіздік талаптарының екінші орынға ысырылып қалуына әкелетінін айтады ол. Ал құрылыс саласында мұндай неміқұрайдылықтың құны – адам өмірі екенін түсінген ол содан бері ол қай қызметте жүрсе де, ең алдымен қауіпсіздік мәселесін бірінші орынға қоятынын айтады.

Міне осылайша, 2004 жылдан бастап Астана қаласында мұнаралы кран машинисі, инженер, прораб қызметтерін атқарып, осы жылдар ішінде Basis-A, Highvill Astana, «Триумф Астана», «Изумрудный квартал», «Водно-Зеленый бульвар», «Шабат» Қазақ ұлттық өнер университеті, «Москва», «Санкт-Петербург», «Пекин», «Времена года» («Весна-3»), Highvill Park 1, 2 тұрғын үй кешендері мен EXPO-2017 көрмесіндегі Оңтүстік Корея павильонының құрылысына қатысып, елорданың сәулетті келбетінің қалыптасуына өзіндік үлесін қосқан азамат бүгін де «NAMAR management» ЖШС-де тынбай еңбек етіп келеді. Міне осындай еңбек адамының еңбегі қашанда еленіп, ел есінде еңселі елордамызбен бірге Мырзахан Бектұрғанұлының есімі де әрдайым құрметпен атала берсін дегіміз келеді.

10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ



Құнанбай – жалғыз Тобықты ғана емес, осы өңірдің Арғын-Найманы мен Керей-Уағы

мойындаған ел ағасы. Кеңгірбай бидің таңдауы түскен Өскенбайдың перзенті, Балта ақын «ат басындай алтынға» теңеген тұлға! Бұл өңірде Тобықтының «шынжыр балақ, шұбар төс» Ырғызбай табының дегені жүріп тұрды. Құнанбайдың турашыл бітімі өз алдына, қайтпас мінезінен өз төңірегі ғана емес, іргедегі ел-жұрт тегіс аяғын тартады.

Сол жылғы жазда да мұнда мал аяғы тимеген. Көк майсасы жыл сайын әрі-бері өткеннің «көз құртына» айналады да тұрады. Құр жұтынғаннан басқа қайран жоқ. Жан қысылғанда «ығынан» пана табатын Құнанбай ғой... Билікке араласқалы бері оның жер-суы дау-дамайға іліккен емес. Тобықтының мандайалды шонжарымен шатақ іздеп, егеспек түгілі, сыртынан «ши жүгіртуге» жүрегі дауалайтын жан кемде-кем.

Қайта керісінше, қолынан келгені жуан атаның ұрпағының «қолтығында» жүруге бейіл. Мал өрісі қанша таршылық етсе де, «қарадан шығып хан болған» Қүнекеннің қырына ілігудің аяғы жақсылыққа соқпасы жұртқа мәлім. Ендеше тізеге салып, өпербақандық жасауға кімнің дәті бармақ?! Жайқалған қорыққа сырт «көз» тамсанғаннан аспайды. Бірақ «күн шыққанда мойнында, күн бұлтта қойындағы» ағайынға сенім де аз...

ШӨБІ ШҮЙГІН, СУЫ ТҰНЫҚ

Малсақ қандастары төрт түліктің жайын ерте бастан ойластырады. Жер танығыштар Шыңғыстағы от-сулы, салқын, шыбын-шіркейсіз жерлерді барлап қайтып, алдын ала жөн-жоба көрсетеді. Бұл – бағзы замандардан қалыптасқан дағдылы шаруа. Балқы Базар жыраудың: «Елдің сәні келеді, Өрісі жайылым кең болса. Екі жағы малға жай, Жайлауы шалқар көл болса» деген тәмсілнен лайық жер, эрине, арман!

Шөбі шүйгін, суы тұнық жайлау кімге жетеді?! Жайлауға көшудің ау-жайын бізге Абайдың шөбере інісі Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтың естелігі егжей-тегжейлі баяндап, көз алдымызға жайып салады. «Төл алынып, бойдақ мал қарақұйрық болып, жылқы түлеп, қара тіл болғанда, түйенің өркеш қомы толығып, қара қайысқа айналғанда ауыл көші жайлауға жиналады...» деп тәптіштей жазады ол.

СЫРТ ҚАСҚАБҰЛАҚ СЫРЫ ҚАНДАЙ?

Сырт Қасқабұлақ... Абайдың кіндік қаны тамған киелі мекен. Одан әрі Семей – ақын алақанының табы, табанының ізі қалып, рухы тұнған шаһар. Мәдениет пен әдебиеттің қазақ жеріндегі бір қайнар бұлағы. Ол заманда Семейге қатынаған жолаушылар Сырт Қасқабұлақтың басына ат шалдырып, мөлдір тұмадан шөлін ғана басады. Көп бөгелуге дәті бармайды. Жердің иесі – Құнанбай әулетінің қабағынан ығады. Бұл жақта жаз, әсілі, арқаны кеңге салғыза қоймайды. Тамыздың алғашқы он күні ауа сала күн райы құбылмалы. Тылсым табиғат пен адам өмірінің қым-қуыт, аумалы-төкпелі мінезі, егіз жаратылғандай, тым ұқсас-ау!

Сөйтіп, «Жүрер бағыт, қонар қоныс анықталып, көшке дайындық басталады. Жайылымдағы мал түгенделіп, әрбір отбасының ен-таңбасы тексеріледі. Ұзақ жолға шығатын малды ағынды таяз суға жүргізіп, тұяғын түрлейді. Жегуге арналған құралдар – арба, сүйреткі мен әбзелдер – доға, делбе, қамыт, ершік жөнделеді. Тұяғында жарасы, ақауы бар малды емдеп, тұяққап кигізеді». Бұл – көзі қарақты шаруа адамына үйреншікті қарекет.

«Киіз үйлер жығылып, үй жабдықтары мен бұйымдары тең-тең болып буып, түйіледі. Әр бағытқа кететін ел айрылыс қазан көтеріп, бірін-бірі қонаққа шақырады. Бірнеше ауыл бірігіп, үлкен қауым құрайды. Көш алдына түйе мен жылқыны салады, қой мен сиыр соңында айдалады. Ол бірнеше шақырымға созылып, қауіпті тұстарда ғана көшкен жұрт іркес-тіркес қозғалады. Қаруы сайлы жігіттер көшке ілесе жүреді...

Құнанбай ауылдары, тегінде, бір қоныста ұзақ аялдамайды.

Қалың жылқының ауыл маңын шұбырынды қылып, тез тоздырып тастауынан сақтанып, он-он бес күнде жұрт аударып отырады...». Бала жастан осы көрген-білгені Абайдың жадында қаттала беріп, кейін өлең боп өріледі: «Жаздыгүн шілде болғанда, Көкорай шалғын, бөйшешек / Ұзарып өсіп толғанда; Күркіреп жатқан өзенге / Көшіп ауыл қонғанда...».

Жаймашуақ жаздың қызығына, сірә, кім тойған! Шатшадыман көрініс ақын шабытын шалқытады: «Шалғыннан жоны қылтылдап, шұрқыраған жылқы, жоғары-төмен ұшқан үйрек-қаз...». Әйтеуір, мәз-мейрам бір тіршілік: «сабадан құйылған қымыз, емен-жарқын көпшілік, бұрқылдаған самаурын. Білімділердің сөзіне аңқылдап, бас изеген алаңсыз жұрт. Мылтық атып, құс салған бозбала...».

«Шілде кірісімен киіз үйлер қайта жығылып, ауыл жайлаудан тағы қозғалады, – деп, сабақтайды өз сөзін Әрхам Кәкітайұлы. – Енді үдере көшкен

ауыл Жоннан асып, Барлыбай, Тоңаша өзендеріне аз күн аялдайды. Қозы қырқып, күзем алынған соң, ауыл қайтадан Шыңғыс тауынан Бауырға аса аударылады. Мұнда бос су жоққа тән. Малды ауылдар қонған жерінде былтырдан бері құлап, құм басып қалған құдықтарын аршиды.

Шаруа адамында көздеген жерге жеткенше маза жоқ. Қаптаған мал, көш қарекетімен шабылған жұрт. Айнала азан-қазан. Малшылар астау, қауғамен малын суғарып, қандыра алмай, әуре-сарсаңға түседі. Көшкен жұрт қонған жеріне итарқа, жаппа тігеді. Малды суғарып, сарықтатқан соң, жүк ерте салқында артылады. Адамы шай қайнатып ішіп дамылдайды да, түстен кейін тағы көшеді.

Осы қалыппен үдере көшкен Құнанбай ауылдары Қасқабұлақ деген қонысқа келіп жетеді. Көлемі мың қой еркін сыятын қотанның көлеміндей нулы өлке – Құнанбайдың күзеуі...». Жайқалған, көкорай өлкеге кезінде абыз ақын Дулат та

тамсанады: «О, Сарыарқа, Сарыарқа! Самалың салқын жон едің, Сырдан ауып келгенде, Жапырылмай шалғының, Балауса балдыр балғының, Тимеген ірге соны едің...».

Жырау жердің, масаты кілем жайғандай, сәніне тебіренеді: «Жеген мал қысыр қалмаған / Бетеге, тарлау, шырышын, Қарабөктер мүк, жусан; Ерте қашқан шыбышын, Саған келіп ішіп ек / Тұнықты мөлдір шынысын...». Сонымен, ұйқылы-ою мүлгіген Сырт Қасқабұлақ бойына тамыз айы туа қайта жан біткендей болады. Құнанбай ауылы өзінің күзеу қонысында кешелі-бүгін ірге көтерген. Бұл – жайлаудан соң аялдайтын жер.

Кейін Абай мен Ысқаққа еншіге тиетін Ақшоқыдағы қыстаудан Сырт Қасқабұлақ – 18 шақырым жерде, Семей мен Жидебайдың тап ортасында жайғасқан. Адамға да, малға да жайлы, сулы әрі шұрайлы өлке. Мөлдір бұлақтың суы таудың төскейінен күнбатыстағы Ойқудың даласына бет түзейді. Осы жердің Семей жақ беті – Сырт Қасқабұлақ. Бұл – мұнартқан Шолпан тауының үстіртіндегі жазықты жоталардың бірі.

Жар бауырынан тесіп аққан бұлақтың мол суы жүлге қуалап, Ералы қорық жазығына қарай жосылады. Қар қалың жылдары оның аяғы бітік шалғынды аралап, Ащысу өзеніне құяды екен. Мал аяғы таптаурын қылмаған соны өріс. Қомды шешіп, теңді шешпей, ерулеп көшіп, шаршап-шалдығып келген жұрт осы бұлақтың қос қапталындағы қалың шалғынға үйлерін тігеді.

Сол жолы да Құнанбай ауылы, әдеттегідей, Сырт Қасқабұлаққа келіп қонғаннан кейін, 1845 жылы ескіше 10 тамызда Құнанбайдың әйелі Ұлжан толғатып, бір ұл дүниеге келеді. Ол Абай (Ибраһим) болатын! Азан шақырып қойған аты – Ибраһим сөзі ақынның өмірлік мақсатын айқындап бергендей:

«Пайғамбардың – Ибраһим жалғыз ұлы, Жанларын үмбет үшін құрбан қылар» (Мәшһүр Жүсіп, «ЭКО» ЖШС, 10 томдық, 3-том, 65-б.).

Ел-жұртының бақыты үшін дүниеге келіп, рухани күрес ашатын ойшыл ақын әрі кемел қайраткердің кіндігі кесіліп, Сырт Қасқабұлақтың көусар суы нәрестенің жан тазалығына шаң жуытпақ емес. Дүние есігін ашқанда алған есімі – Ибраһимді, яки Ыбырайды әжесі Зере өзгертіп, «сүйкімдім», яки Абайым деп еркелетіп атап кетеді. Осы күннен бастап Абайдың ата-тек шежіресінің жаңа, жарқын беті жазылады.

Сонымен Абайдың әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, ұлы атасы Ырғызбай болса, төртінші атасы – Айдос. Оның әкесі – Олжайдан үш ұл: Айдос, Қайдос, Жандос (Жігітек) тарайды. Айдостың төрт ұлы туралы Айпара ана былай депті: «Шынжыр балақ, шұбартөс Ырғызбайым, Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым, Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым, Сірә де оңбас Торғайым».

Ақынның үшінші атасы Ырғызбайдың ұлдары: Өскенбай, Өсер, Мырзатай, Жортар. Олардың ішіндегі ең артығы Өскенбай көрінеді. Құнанбайдың 41 жасында дүниеге келген Абай әкесін 1886 жылы ақтық сапарға шығарып салады. Үш Олжайдың бірі – Жандостың (Жігітек) баласы Кеңгірбай, Сеңгірбай болса, Қайдостан: Бөкенші, Борсақ өсіп, өнеді. Тобықтының қасиетті Қараменде мен Кеңгірбай билері ұрпаққа дәйім өнеге.

ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

«Дүние есігін өлеңмен ашқан» Абайға қараңғылық пен отарлық қыспағында тұншыққан халқына білім-ғылым, еңбек пен өнер, әділет пен адамдық қарызын айтып, Күнге – жарыққа жетелейтін тағдыр жазыпты. Ақынның туған отбасының жарық сәулесі – тәлім-тәрбие қуаты, оның өлеңдерінен көзге оттай басылады. Демек, ойымыздың ашылар «түндігі» – Абайды суына шомылдырған мөлдір бастау – Сырт Қасқабұлақ көрінеді. Бірақ БАҚ-тың көпшілігі хакімнің туған жерін нақты көрсетпейді: «Абай Құнанбайұлы Шығыс Қазақстан (Абай) облысының Абай ауданында, Шыңғыстауда туған» деумен шектеледі. Абай (Ибраһим) «1845 жылдың тамызының ескіше 10-ыншы, жаңаша 23-інші жұлдызында Семей облысының Абай ауданы Қасқабұлақ ауылына қарасты Сырт Қасқабұлақта дүниеге келген» деп жазып қалдырған Әрхам Ысқақов.



Сырт Қасқабулақ «Семей қаласынан – 103, Әуезов дүниеге келген Бөріліден – 22, Жидебайдан – 97, Ақшоқыдан – 18, Қарауылдан – 98, Астанадан – 903, Алматыдан Семей арқылы – 1193, Аякөзден – 248, Қасқабулақ орталығынан 3 шақырымда» (Т.Ибрагимов, «Жер әңгімеші...», «Интеллект», 2003, 78-б). Абай туралы әңгімеміздің, әлбетте, арқатірегі – Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жауһар шығармалары.

Осы орайда біз кітабындағы дерекке сүйенген көрнекті абайтанушы, жазушы-драматург Төкен Смайылұлы Ибрагимовтың да мұрасы бір төбе. Ол «Жер әңгімеші болған соң, ел әңгімеші», – дейді Мұхтар Омарханұлы, – Абайдың шыр еткен дауысына куә Сырт Қасқабулақ: Шолпан тауының үстіртіндегі жазықты жоталардың бірі, аласалау дөңше төмпешігі, жары бауырынан тесіп аққан көз қайнардан бас алады...» деп суреттейді.

«Қазақстан Үкіметінің 2020 жылғы 4 тамыздағы қаулысымен Абай күні 10 тамыз деп бекітілген еді. Сөйтіп, көп жылға созылып, әр өңірде әрқалай, яки «ескіше» және «жаңаша» деп, ала-құла аталып өтетін дабыраға даусыз тосқауыл қойылды. Жалпы, ұлы Абайды біздің көпшілігіміз, негізінен, Мұхтар Әуезовтің атақты романы мен ақын жайындағы естеліктер арқылы білеміз.

Сонымен қатар хакімнің мұң-шері мен арман-мақсатын, оның өлеңдері мен қара сөздерін көз алдымызға әкеліп, ақынның өмір жолына, сүйініші мен күйінішіне куәлік етеді. Демек, асыл мұраға құр тамсанып қоймай, оның ішкі сырын зерделеп, шығарманың тілі мен түпкі ойын түсінуге тырыссақ ғанибет. Бұл бірақ оңай шаруа емес: әрбір жанның ой-өресі мен білім дәрежесі әрқилы.

Біздің тіпті ақиқатқа деген махаббатымыз, өлеңге ынта-ықыласымыз да ала-құла. Қалың жұртшылық үшін Абай, өкінішке қарай, әлі де «жұмбақ» күйінде калуда. Ал ақынның оқу-білімге құмарлығы оның мына жұмбағымен шешіледі: «Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің, Сәулең болса, бермен кел талапты ерің. Жан құмары жұмыр дүниеде немене екен? Соны білсең – әрнені білгендерің...».

Мұның шешуі – «Білмекке құмарлық». Ақынның осы және басқа да жұмбақтары М.Әуезов «Қазақстан» баспасынан шығарған 1933 жылғы толық жинақта тұңғыш рет жарияланған. Жас Абайдың оқу мен білімге ерекше ықыласы – «білмекке құмарлығы»; талаптыға арнаған «білімдіден шыққан сөзі»; ұғымсыз тыңдаушысына көңілі қалғандағы «өз сөзім өзімдесі», яки мәңгілік мұрасының әр саласы өз алдына бөлек әңгіме.

Осы арналарды ақтарып, тапқанымызды таразыға тарта келгенде ақынды суына шомылдырған Сырт Қасқабулақ жайы, зерделі Зере же мен ұлағатты Ұлжан ана шапағаты, Ұлы дала қайраткері Құнанбайдай әке тағылымы әрқашан ойымызда тұрады. Тегінде, өнеге «жаятын» өлең-жыр мен қызықты хикаялар Зере отырған қара шаңырақтан тарайды. Олар кең-байтақ қазақ жерін «жағалай» жүріп, тәлім-тәрбие «дәнін» егеді.

Кезіндегі ақын-жыраулар мен өнерпаз жандардың үлкен ауылға үйірсек болатыны да содан. Олардың әрбір кейсінен бала Абай өзіндік ой түйіп, өнер-білімге деген құштарлығы артады. Ел ағаларының елдік пен ерлік туралы

әңгімелеріне зейін қойып, өлең мен жырдың көркем тіліне, көрікті ойына сүйінеді. Билер мен шешендердің сөз шырайы мен қисынды толғамына қайран қалады.

Ақын-жыраулардың өлең-жырлары Абайдың кестелі сөзге қызығуының сарқылмас қайнары іспетті. Ол «іштегі дертті жойып, ой салатын өлеңнен» өзіне өмірлік сырлас табады. Бұған әжелерінің немерелеріне өлең оқытып, ән салғызып отыратын үлгісі де «шырақ» жағады. Қарияның, сондай-ақ тоғызқұмалақ, дойбы ойнағандарды қызықтайтынын жұртшылық сүйіне әңгімелер еді.

Әуезді әуен әл-әзірге жас балаға сырттағы беймаза күйден «араша» болады. Әжесі оның өзге ұрпағына қарағанда томаға-тұйық, бірақ жүрегінің сезімтал екенін, басқа өрен-жаранына ұқсамайтынын сезеді. Өзге немерелерінің ішінде Оспаны шәлкем-шалыстау, Ысқағы тым бейқам. Ал Төңірбердінің жуандық, тоңмойын табиғатының өзгере қоюы күмәнді секілді. Айналасының мінезі тым «ала-құла».

Осыны көріп өскен ақынның адамның мінез-құлқын таңдана барлайтын кезі де келеді: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды...». Ал жақсы-жаманды танудың көзі оқу-білімде екенін Құнанбай әзелден біледі. Жидебайға іргелес Найзатас күзегінде, киіз үйде мектеп ашуы да ұрпағының келешегіне алаңдауынан еді.

Киіз үйдің салқындығын ескеріп, мектепке жеке там тұрғызуға да үлкен жеке түрткі болады. Мектеп үйі Өртең тауының батыс жағындағы кең жазықта орын тепкен дөңестің үстіне салынады. Ұлының қолға алған ісіне, Ғабитхан молдандан ұрпағының сауатын ашқанға анасы Зере сүйінеді. Осы орайда, кейбіреу ойлайтындай, мектеп Ескі там деген жерден салынды деген пікірмен ағат. Керісінше, мектептің орны Ескі там аталуы қисынды. Бұған Абайдың әдеби хатшысы Мүрсейіт Бікеұлының баласы Рақымбайдың айтқандары дәлел болады. Бұл жайында көрнекті жазушы Кәмен Оразалының мақаласынан да қанығамыз. Мектеп салынып біткенде, оның бөлмелерінің біріне Зере мен Абай орналасады. Ал қалған бөлмелер сабақ оқуға лайықты етіп жабдықталып, алғашқы шөкірттер де бастапқыда қажының өз балалары болыпты.

Ол заманда киіз үйлердің арасынан Құнанбай мектебі дараланып, көз тартады екен. Қажының басқа немерелерімен бірге кеменгер ақын, Абайдың немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы да осында қат таниды. Кейін малшы-жалшылардың балалары да оқуға қосылады. Аязды күндері шөкірттерді мектепке әкелген кәрі-құртаң адамдар онда пана тауып, балаларға бір уақ ыстық тамақ беріледі.

Мектепте шөкірттердің саны келе-келе 40-тан асады. Осы өнер мен өнеге отауына анасы Ұлжанның кеңпейіл, қаңқор көңілі жанға сая болып, білім «ұясының» қоңырауы бала Абайды ерте «оятады». Төңірегіннің әбес мінезін әзілмен меңзеген анасына ақынжанды бала әуелде қайран қалады. Бірте-бірте естіген жақсы өлең-жыр мен әсем ән-күйдің табиғатпен біте қайнасқан сырлы сазы мен ырғағына ден қояды...

Болат ЖҮНІСБЕКОВ, жазушы-абайтанушы

АРХИВ ҚОРЫН ТОЛЫҚТЫРҒАН ТҰЛҒАЛАР

Тәуелсіздігіміздің 35 жылында еліміздің саяси, экономикалық, ғылыми және мәдени дамуына, өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар мен өнер адамдары, яғни ұлт тұлғаларының Ұлттық архивте жеке қорлары ашылды. Бұл тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен даму кезеңдерін айғақтайтын баға жетпес тарихи мұра екені даусыз. Қорларда тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар, қолжазбалар, хаттар, фотосуреттер, марапаттары, шығармашылық және қызметтік материалдары жинақталған.

20 жылда архивте 300-ден аса қор жинақталса, соның 70-тен астамы жеке тектік тұлғаларға тиесілі екен. Мұндағы әрбір құжат – тәуелсіз Қазақстанның шежіресін толықтыратын асыл мұра, ал оны жасаған тұлғалар – ел дамуының жарқын беттерін жазған азаматтар. Сондықтан әрбір жеке қор иесінен келген құнды мұралардың бағасы өлшеусіз.

Әрбір қордың архивке келу жолының өзіндік тағылымды тарихы бар. Кейбір көрнекті тұлғалар өздерінің тарихи маңызы зор құжаттарын көзі тірісінде-ақ Ұлттық архивке аманаттаса, ал енді кейбір тұлғалардың өмірден өткеннен кейін артында қалған ұрпақтары, ізбасарлары архив қорына табыстап, мұраларын ел игілігіне айналдырып жатыр. Бұлардың қатарында мемлекет және қоғам қайраткері, түрколог-ғалым, дипломат, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мырзатай Жолдасбеков, мемлекет және қоғам қайраткері, архив саласының ардагері Рысты Сариева, әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, академик Әлкей Марғұлан, ғалым, шығыстанушы Насролла Мубашир ат-Тарази, жазушы Табыл Құлыяс, жазушы Сара Мыңжасарова, композитор, жазушы, Қазақстанның Еңбек Ері Илья Жақанов, жазушы, әдебиет зерттеуші, этнограф ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ақселеу Сейдімбек, шығыстанушы, дінтанушы Әбсаттар қажы Дербісәлі, қоғам қайраткері, заңгер Мақсұт Нәрікбаев, ақын, прозашы Нұржолжа Ораз, соғыс ардагері Кәрі Әбитов, мемлекет қайраткері Фазыл Кәрібажанов, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов, жазушы-ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қойшығара Салғараұлы, жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Тарази, тележурналист, ақын Бейбіт Құсанбек, көрнекті кеңестік және қазақстандық ғалым Жағыпар Аханов, соғыс ардагері, жазушы, драматург Төңірберген Қалиаханов, саулетші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Фариза Оңғарсынова, Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерхан Мұртаза, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов, әскери қайраткер, Халық қаһарманы Бақытжан Ертаев, журналист, жазушы Сұлтан Оразалы, ме-

Биыл тарих пен тағдыр тоғысқан мекен – «Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві» республикалық мемлекеттік мекемесінің құрылғанына 20 жыл толып отыр. 2002 жылғы 12 желтоқсан – Ұлттық архив ғимаратын Астанада салу туралы тарихи шешім қабылданды. 2006 жылғы 19 шілде – Қазақстан Республикасы Үкіметінің №692 қаулысымен «Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві» мемлекеттік мекемесі құрылды. 2006 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 15 жылдығы қарсаңында салтанатты түрде ашылу рәсімі өткен болатын. Міне, осылайша, көзді ашып-жұмғанша 20 жыл өте шықты.



таллург Әнуарбек Үсенов, ғалым, биология ғылымдарының докторы Назира Ахматуллина, медицина ғылымдарының докторы Нұрлан Батпенев, медицина ғылымдарының докторы Әлихан Досаханов, құжаттанушы, «Құрмет» орденінің иегері, архив саласының үздігі Сағида Нұрланова, мемлекет қайраткері, құжаттанушы Мирболат Жақыпов, мемлекет қайраткері, белгілі қаламгер Бауыржан Омаров, әдебиеттанушы Амантай Шәріп, жазушы Әкім Ысқақ және ел дамуына зор үлес қосқан тағы да басқа тұлғалардың қорлары бар.

Аталған тұлғалардың ішінен екі тұлғаға біршама тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын. Атап айтқанда, Ұлттық архивтің ең алғашқы жеке қор иесі мен тұңғыш басшысы болған тұлғалар.

Ұлттық архивтің жеке тектік қорына келіп түскен алғашқы аманат мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековке тиесілі. Мырзатай аға 2007 жылғы 23 мамырда өзінің бірқатар маңызды құжаттары мен қолжазбаларын Ұлттық архивке қабылдау туралы келісімшартқа қол қойды. Осылайша Мырзатай Жолдасбеков Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінде жеке тектік қорын қалыптастыру жөнінде келісімшарт жасаған алғашқы тұлға айналды. Қор құрамына ғалымның өмірі мен қызметін жан-жақты сипаттайтын ғылыми еңбектері, қолжазбалары, соның ішінде Түріктілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің құрылу барысындағы және Түріктілдес мемлекеттердің ақсақалдар кеңесі отырысының құжаттары, «Орхон ескерткішін зерттеудің кейбір мәселелері» бойынша мақалалар, «Күлтегін ескерткішінің қытай мәтіні» сынды құжаттар, «Жамбыл Жабаев – Ұлы дала ақыны» атты кітабының әртүрлі тілдегі (ағылшын, араб, қытай, испан) нұсқалары, А.Сейдімбек, Ш.Мұртаза, т. б. тұлғалардың қолтаңбасымен сыйға берген кітаптары, Ә.Тәжібаев, Т.Молдағалиев, т. б. ақын-жазушы-

лардан келген хаттары, «Көне түрік әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» кандидаттық диссертациясы, «Жамбыл және оның ақындық дәстүрі» докторлық диссертациясы, К.Әзірбаев, Т.Молдағалиев, І.Жансүгіров, т. б. белгілі ақын-жазушылар жайында мақалаларының қолжазбалары, Жамбыл облысы Талас ауданындағы өзінің бастамасымен салынған «Ақтөбе» мешітінің баспа нұсқасындағы сызбасы (авторы – Ж.Мәлібеков) сынды өте құнды құжаттарымен қоры құрылды. Бұл тәуелсіз Қазақстанның ғылымы, білімі, мәдениеті және мемлекеттік қызметінің қалыптасу кезеңдерін зерделеуге үлкен мүмкіндік беретін тарихи құжаттар деп айтуға болады. Алғаш ашылған жеке тектік қор ретінде ерекше орын алған үлкен бастама болды.

Келесі қабылданған жеке қор иесі ҚР Ұлттық архивінің тұңғыш бас директоры Рысты Халесқызы Сариева – Қазақстандағы архив ісінің қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан белгілі архивші, тарих ғылымдарының кандидаты. Рысты Сариева алдымен 1997 жылы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің директоры болып тағайындалды. Ол 1998 жылғы 22 желтоқсанда қабылданған «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасы заңының әзірленуі мен қабылдануына елеулі үлес қосты. Бұл заң еліміздегі архив ісінің құқықтық негізін қалыптастырған маңызды құжаттардың бірі болды. Аталған заңның негізінде 1999 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №543 қаулысымен Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет құрылды. Рысты Халесқызы осы республикалық мемлекеттік уәкілетті органда оның 2004 жылғы қарашада қайта ұйымдастырылуына дейін басқарды. Сонымен қатар архив саласын жетілдіруге бағытталған 70-тен астам нормативтік-құқықтық актінің әзірленуіне жетекшілік еткен. Ал 2006 жылғы 14 тамыз-

да Рысты Сариева Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің бас директоры болып тағайындалды. Оның басшылығымен Ұлттық архивтің қалыптасуы мен дамуына, халықаралық ынтымақтастықтың нығаюына және архив қорларын толықтыруға зор жұмыс атқарған. Рысты Сариеваның жеке құжаттарының 1970-2000 жылдарды қамтитын бір бөлігі Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы. Ал 2010 жылғы 22 қазанда оның жеке қоры Қазақстан Республикасы Ұлттық архивіне қабылданды. Ұлттық архивтегі жеке қорында 1967-2000 жылдарды қамтитын құжаттар жинақталған. Қор құрамына Ұлттық архивте өткен түрлі іс-шаралардың материалдары, басшылық қызметтерге тағайындау туралы министрдің ұсыныс хаттары мен шешімдері, «тарих ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы мен авторефератына қатысты құжаттар, ғылыми еңбектері, баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен сұхбаттары енгізілген.

Бұл жеке тұлғалар туралы айтып тауыса алмаспын. Өйткені әрқайсысының өмір жолы – өз алдына бір тағдыр, өз алдына бір тарих. Бірінің өмірі күреспен өрілсе, бірінің ғұмыры ғылым мен білімге, енді бірінің саналы ғұмыры елге қызмет етуге арналды. Олардың құжаттарын парақтаған сайын уақыт пердесі ашылып, сол дәуірдің тынысын сезінгендей боласың. Әрбір хат, қолжазба, фотосурет пен құжаттың өз тілі, өз сыры бар. Олар үнсіз тұрғанымен, өткеннің шындығын сөйлетіп, тұлғаның болмысын, жан дүниесін, азаматтық ұстанымын танытады. Сондықтан жеке тектік қорлар жай ғана архив қорлары емес. Олар – ұлттың жады, тарихтың аманаты, келешек ұрпаққа жолданған үнсіз өсиет.

Наргиза ҚОСБАРМАҚ, ҚР Ұлттық архиві жеке тектік құжаттармен жұмыс жүргізу бөлімінің қызметкері

№93 (4991) 08/08/2026 Сенбі

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Бейсенбі күнінен бері халықаралық хедлайнерлермен кездесулер, қолтаңба сессиялары, косплей байқауы, музыкалық және би қойылымдары, интерактивті алаңдар, тақырыптық стендтер мен фестиваль жәрмеңкесі ұйымдастырылуда. Фестивальдің алғашқы күні кино, аниме, комикс, видеоойын және косплей жанкүйерлері бір алаңға жиналды. Қонақтарға концерттік бағдарлама, арнайы тақырыптағы аймақтар, интерактивті алаңдар, шеберлік сабақтары мен арнайы шақырылған әлемдік жұлдыздармен кездесулер ұсынылды. Сахналарда музыкалық және би қойылымдары, танымал тұлғалармен ашық сұхбаттар, сондай-ақ фестиваль қатысушыларына арналған байқау бағдарламалары өтті. Келушілер заманауи поп-мәдениеттің түрлі бағыттарына арналған ондаған тақырыптық алаңмен танысты. Ерекше қызығушылықты ойын аймақтары тудырды. Онда келушілер заманауи бейнеойындарды сынап көріп, түрлі интерактивке қатысты. Сондай-ақ тақырыптық фотоаймақтар, тарихи қару-жарақ пен реквизиттердің көрме экспозициялары, инновациялық ойын технологиялары ұсынылған алаңдар ұйымдастырылды.

Comic Con аумағында түрлі бағыт бойынша шеберлік сабақтары да өтті. Қонақтар сахналық грим жасаудың қыр-сырын меңгеріп, самурай қылышын қолдану бойынша сабақтарды тамашалап, өзге де тақырыптық іс-шараларға белсене қатысты. Фестиваль аясындағы маркет те көпшіліктің қызығушылығын тудырды.



Елордада кино, комикс, бейнеойын, аниме және косплей жанкүйерлерінің басын қосқан Comic Con Astana 2026 атты ең ірі гик-мәдениет фестивалі өтіп жатыр. Биыл фестиваль бірден екі алаңда ұйымдастырылды. «Барыс Аренада» негізгі сахналық бағдарлама ұсынылса, «Алау» мұз сарайында көрме аймағы орналасқан.



Онда тақырыптық мерч, кәдесыйлар мен поп-мәдениет жанкүйерлеріне арналған түрлі тауарлар ұсынылды.

Comic Con фестивалінің ажырамас бөлігі – косплей. Келушілер танымал фильмдер, сериалдар, аниме және бейнеойын кейіпкерлерінің образындағы қатысушылармен суретке түсті. Биыл қонақтарды ерекше әрі тың үлгіде жасалған, көбісі толықтай қолдан тігілген костюмдер назарын аударды.

Comic Con Astana 2026 фестивалінің алғашқы күнінде 80-нен астам қатысушы бақ сынаған әуесқой косплей байқауы өтті. Ересек қатысушылар сахнада 50-ден астам образды ұсынса, кейін өз костюмдерін 30-ға жуық жас косплейші таныстырды. Қазылар алқасының құрамына өткен жылғы әуесқой косплей турнирінің жеңімпаздары енді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, үздіктерді анықтау оңай болмаған. Қатысушылар фильмдер, сериалдар, аниме және бейнеойындар кейіпкерлерінің мүкият әзірленген ондаған образын ұсынды. Ересектер және



балалар санатында бірінші орын алған қатысушыларға 100 мың теңге, екінші орын иегерлеріне 60 мың теңге, ал үшінші орын алғандарға 40 мың

теңге ақшалай сыйақы табысталды.

Биыл ұйымдастырушылар алғаш рет «Бейнеойындар бойынша үздік косплей» арнайы номинациясын

енгізді. Оның серіктесі «Болашақ ойындары» жобасы болды. Бұл аталым бойынша ересектер мен балалар арасындағы жеңімпаздарға планшет сыйға тартылды.

Ересектер арасында үшінші орынды League of Legends ойынындағы Акали кейіпкерінің образы иеленді. Екінші орын Эдуард қайшы – қол образына бұйырса, байқау жеңімпазы тазалық қызметкерлерінің образын сомдаған «Алматы көбелектері» командасы атанды.

Ересектер арасындағы «Бейнеойындар бойынша үздік косплей» арнайы номинациясының алғашқы жеңімпазы Baldur's Gate 3 ойынындағы Астарион образын ұсынған қатысушы болды. Балалар санатында үшінші орынды Хосино Ай образы иеленсе, екінші орын Кли кейіпкерінің косплейіне бұйырды. Ал жеңімпаз «Жұлдызды соғыстар» ғаламындағы Джабба образын сомдаған қатысушы атанды.

Балалар арасындағы «Бейнеойындар бойынша үздік косплей» арнайы жұлдісі Линк образын таныстырған қатысушыға берілді.

Әуесқой косплей байқауы Comic Con Astana 2026 фестивалінің алғашқы күніндегі басты оқиғалардың біріне айналып, негізгі сахна маңына жүздеген көрерменді жинады.

Фестиваль алаңында жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Заң мен тәртіп» про-филактикалық акциясы да ұйымдастырылды. Тәртіпбек пен Тазабек маскоттары құқық бұзушылықтың алдын алу, жол қозғалысы ережелерін сақтау және кибералаяқтықтан қорғану тақырыптарына арналған ақпараттық брошюралар таратты.

Акцияны қала прокуратурасы мен елорда әкімдігі ұйымдастырды.

Фестиваль қатысушыларының назары құқық бұзушылықтың алдын алу, жол қозғалысы ережелерін сақтау және кибералаяқтықтан қорғану мәселелеріне аударылды.

«Фестиваль жыл сайын мыңдаған жастар мен жасөспірімді жинайды. Сондықтан дәл осы аудитория про-филактикалық жұмыстың негізгі нысаналы тобына айналды» деді Астана қаласы прокуратурасы басқармасының прокуроры Ақжол Сәтілда.

Оның айтуынша, осындай іс-шараларды жастар көп жиналатын ірі алаңдарда өткізу қауіпсіздік пен құқықтық мәдениетке қатысты маңызды мәселелерді жастарға қарапайым әрі түсінікті түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

«Астана қаласының прокуратурасы жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді құралы ретінде бейресми қоғамдық алаңдарда осындай форматтағы кездесулер өткізуді жалғастырады» деп атап өтті прокурор.

Фестиваль 9 тамызға дейін жалғасады. Алда қонақтарды кәсіби косплей байқауы, халықаралық хедлайнерлермен кездесулер және басқа да іс-шаралар күтіп тұр.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 93

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС